

Түркия Стипендиялары



/ turkiyeburslari

01

ТҮРКИЯ СТИПЕНДИЯЛАРЫ

Түркия Стипендиялары туралы санды ақпарат	06
Стипендия Мүмкіндіктері	08
Стипендия Бағдарламалары	09
Колледж стипендиялық бағдарламалары	
Бакалавриат стипендиялық Бағдарламалары	
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стипендия бағдарламасы	
Қысқа мерзімді бағдарламалар	

02

ҮМІТКЕРЛЕР

Өтініш беру	12
Қажетті құжаттар	13
Өтінім беру шарттары	14
Таңдау үдерісі	15
Сұхбатты бағалау критерийлері	15

03

ҚАЗІРГІ ТАҢДА БІЛІМ АЛЫП ЖАТҚАН СТУДЕНТТЕР

Жаңа студенттерге арналған нұсқаулық	16
Түрік тілінен дайындық курсы	17
Стипендия рәсімдері	17
Мәдени және академиялық даму	18
Халықаралық студенттер академиясы	18
Халықаралық студенттерге арналған тәжірибе бағдарламасы	18
Халықаралық студенттерге арналған ғылым конгресі	19
Халықаралық студенттер сыйлықтары	19

04

ТҮЛЕКТЕР

Халықаралық Студенттердің бітіру рәсімі	20
Түлектер желісі	21
Түлектер қауымдастығы	21

05

ӨТІНІШ БЕРУ КЕСТЕСІ

Түркия Стипендиялары - әлемнің түкпір-түкпірінен үздік студенттер мен зерттеушілерге Түркияның жетекші университеттерінде толыққанды немесе қысқа мерзімді бағдарламаларға қатысу мүмкіндігін беретін, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетін бәсекеге қабілетті стипендиялық бағдарлама.





Жалпы мәліметтер

Түркия Стипендиялары жоғары білімнің барлық деңгейлеріндегі білікті халықаралық студенттерге білім гранттарын ұсынуымен шектелмей, сонымен қатар осы студенттердің университетке дайындық пен орналастыру үдерістерін де қамтиды.



ТҮРКИЯ СТИПЕНДИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ САНДЫ АҚПАРАТ

Қазіргі таңда 15 мыңнан
астам студенттерге
стипендия берілуде.

Әр жыл сайын шамамен
5 мың жаңа грант
тағайындалады.

Стипендия ұсынатын мүмкіндіктер:



УНИВЕРСИТЕТ
ПЕН ОҚУ
БӨЛІМІНЕ
ОРНАЛАСТЫРУ



АЙ САЙЫНҒЫ
ШӘКІРТАҚЫ



УНИВЕРСИТЕТ
ОҚУ АҚЫСЫ



ТҮРІК ТІЛІ
КУРСЫ (1
ЖЫЛ)



Жалпы мәліметтер



Әлем бойынша осы
уақытқа дейін 150 мыңға
жуық түлек стипендия
алған.

Түркия Стипендияларына
жыл сайын әлемнің түрлі
аймақтарынан шамамен
125 мың өтініш беріледі.

Түркия
Стипендияларының
сұхбаттары 100-ге жуық
елде өткізіледі.



МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ



ТҮРҒЫН ҮЙ
ШЫҒЫНДАРЫ



БІР ЖОЛҒЫ
УШАҚ БІЛЕТІ



МӘДЕНИ ЖӘНЕ
АКАДЕМИЯЛЫҚ
БАҒДАРЛАМАЛАР

СТИПЕНДИЯ МҮМКІНДІКТЕРІ



Университет пен оқу бөліміне орналастыру



Ай сайынғы шәкіртақы

Бакалавриат және
колледж деңгейінде:
айына **4.500**

Магистратура
деңгейінде:
Айына **6.500**

Докторантура деңгейінде:

Айына **9.000**

Зерттеу стипендиялары:

Айына **25.000 ***



Университет оқу ақысы



Түрік тілі курсы (1 жыл)



Медициналық сақтандыру



Тұрғын үй шығындары



Бір жолғы келу-кету ұшақ билеті

Студенттердің университетте білім алуымен қатар, мәдени және кәсіби дамуына да қолдау көрсетіледі:



МӘДЕНИ ІС-
ШАРАЛАР



ТАҒЫЛЫМДАМА
МҮМКІНДІКТЕРІ



УНИВЕРСИТЕТТЕР МЕН ҮКІМЕТТІК
ЕМЕС ҰЙЫМДАР АРАСЫНДА
СЕРІКТЕСТІК НЕГІЗІНДЕ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН СЕМИНАР
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

* Зерттеу гранттары тек ай сайынғы шәкіртақадан тұрады.



Жалпы мәліметтер

Стипендия бағдарламалары

Түркия Стипендиялары ең алдымен басымдық берілген оқу бағыттарына сәйкес, әр деңгей, аймақ және елдер үшін арнайы әзірленген бағдарламалар жиынтығын ұсынады. Үміткерлер Түркия Стипендиялары Ақпарат Жүйесі (TBBS) арқылы университеттер мен академиялық бағдарламалар жөніндегі нұсқаулыққа қол жеткізе алады.

Колледж стипендиялық бағдарламалары

Екі жылдық колледж бағдарламалары студенттерге кәсіби білім мен дағдыларды меңгеріп, мансаптарын бағыттау мүмкіндігін ұсынады. Қолжетімді мамандықтар мен университеттерді көру үшін біздің веб-сайтқа кіре аласыз.

Бакалавриат Стипендия Бағдарламалары

Бакалавриат Грант Бағдарламасы, бакалавриат деңгейіне өтініш берген үміткерлер үшін арнайы әзірленген бағдарлама болып табылады. Бұл бағдарламаға инженериядан бастап денсаулық сақтау ғылымдарына, гуманитарлық ғылымдардан әлеуметтік ғылымдарға дейін әртүрлі пәндер мен бағыттарға қызығушылық танытқан тұлғалар өтініш бере алады. Қазіргі таңдағы мамандықтар мен университеттер жайында ақпаратты Веб-сайтымыздан ала аласыз.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стипендия бағдарламасы

Түркияның беделді университеттерінде әлеуметтік ғылымдар, гуманитарлық ғылымдар, жаратылыстану және инженерия салаларында магистратура және докторантура деңгейінде түрлі бағдарламалар ұсынылады. Қазіргі таңдағы мамандықтар мен университеттер жайында ақпаратты Веб-сайтымыздан ала аласыз.

Үздік Жетістіктер Стипендиясы

Үздік Жетістіктер Стипендиясы аясында Академиялық жетістіктері жоғары Түркия Стипендиялары студенттеріне ай сайынғы шәкіртақы мөлшері, олар білім алып жатқан деңгейге сәйкес белгіленген ай сайынғы шәкіртақы мөлшерінің 2 есе көлемінде төленеді. Бұл Стипендия талапкерлер үшін ғана емес, сонымен қатар қазіргі таңда Түркия Стипендиялары арқылы білім алып жатқан студенттер үшін де арнайы әзірленген. Өтінім талаптарын веб-сайтымыздан көруге болады.




ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ БАҒДАРЛАМАЛАР

Үздік Стипендия Бағдарламасы

Үздік Стипендия бағдарламасы, қазіргі уақытта Түркия университеттерінде өз мүмкіндіктерімен білім алып жатқан және ерекше академиялық нәтижелер көрсеткен студенттер үшін арнайы әзірленген бағдарлама болып табылады. Үздік Стипендия бағдарламасы тек ай сайынғы шәкіртақымен қамтылады.

Зерттеу стипендиясы бағдарламасы

Зерттеу стипендиясы бағдарламасы – халықаралық зерттеушілер мен ғалымдардың Түркияның жетекші жоғары оқу орындарында түрік ғалымдарымен бірге өз салалары бойынша ғылыми-зерттеу ынтымақтастығын дамытуға бағытталған бағдарлама. Бағдарламаға докторлық дәрежесін тәмамдаған немесе докторлық диссертация жазу кезеңінде жүрген үміткерлер өтінім бере алады.





Жалпы мәліметтер

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Кейбір бөлімдер мен бағдарламалар үшін қосымша талаптар қойылуы мүмкін. Қосымша талаптар мен шарттар туралы толық ақпарат алу үшін тиісті бөлімдердің веб-сайтары мен онлайн өтініш беру парақшаларын тексеруіңізді сұраймыз.

Үміткерлер

Өтінім беру

Түркия Стипендияларына өтінімдер интернет арқылы тегін қабылданады. Үміткерлер төмендегі сілтемелер арқылы өтініш бере алады:

www.turkiyeburslari.gov.tr



немесе

www.turkiyescholarships.gov.tr



- ^ Түркия Стипендияларына өтініш беру мерзімдері Түркия Стипендияларының ресми веб-сайтында жарияланады.
- ^ Өтініштер 8 тілде беріле алады. Олар: түрік, араб, ағылшын, парсы, француз, орыс, босния және испан тілдері.



Үміткерлер

Қажетті Құжаттар


Интернет арқылы жасалатын өтініштер үшін барлық үміткерлер төмендегі құжаттарды ұсынуы қажет:

- ❑ Жарамды жеке куәлік/карта немесе жарамды паспорт
- ❑ Үміткердің жақында түскен фотосуреті
- ❑ Ұлттық емтихан нәтижелері (бар болса) (ҰБТ, КТА)
- ❑ Диплом немесе уақытша бітіру туралы куәлік (Оқу орнының соңғы жылында оқып жүрген үміткерлерден талап етілмейді)
- ❑ Транскрипт (Оқытылған пәндер бойынша бағалары көрсетілген тізбе)
- ❑ Таңдалған бағдарлама талап еткен жағдайда халықаралық емтихан нәтижелері (GRE, GMAT және т.б.)
- ❑ Шет тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған емтихан нәтижелері (таңдалған бағдарлама тарапынан талап етілген жағдайда)
- ❑ Зерттеу тақырыбының ұсынысы және жасаған еңбектеріңізге қатысты жазбаша үлгі (тек докторант өтінімдері үшін)



ӨТІНІМ БЕРУ ШАРТТАРЫ

- ❑ Минималды академиялық жетістік деңгейі:
 - ❑ Бакалавриат бағдарламаларына өтініш берген үміткерлер үшін: 70%
 - ❑ Денсаулық сақтау ғылымдарына (Медицина, Стоматология және Фармацевтика) өтініш берген үміткерлер үшін: 90%
 - ❑ Магистратура және докторантура бағдарламаларына өтініш берген үміткерлер үшін: 75%
- ❑ Жас Шектеуі:
 - ❑ Колледж бағдарламалары үшін жасы 21-ден аспауы қажет
 - ❑ Бакалавриат бағдарламалары үшін 21 жастан төмен болу
 - ❑ Магистратура бағдарламасы үшін 30 жастан төмен болу
 - ❑ Докторантура бағдарламасы үшін 35 жастан төмен болу
 - ❑ Зерттеу бағдарламасы үшін 50 жастан төмен болу



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- ⋤ Түркияда білім алып жатқан студенттер қазіргі сәтте оқып жатқан деңгейіне қайта өтініш бере алмайды.
- ⋤ Қысқа Мерзімдік Стипендиялық бағдарламалар үшін қосымша өтініш талаптары қойылуы мүмкін.
- ⋤ Өтінім беру мерзімі ішінде қажетті талаптарды тексеруді ұмытпаңыз.
- ⋤ Денсаулық ғылымдары саласында мамандандыру Түркия Стипендиялары бағдарламасы аясында ұсынылмайды.



Үміткерлер

ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІ

Түркия Стипендияларына жасалған өтінімдер үміткердің академиялық жетістіктеріне, оқудан тыс іс-шараларға белсенді қатысуына және басқа да кәсіби біліктіліктеріне сәйкес бағаланады.

1

БАСТАПҚЫ ТЕКСЕРУ



Барлық өтініштер минималды академиялық балл (GPA) , жас шегі, қажетті құжаттар секілді негізгі критерийлер бойынша тексеріледі.

2

БАҒАЛАУ КЕЗЕҢІ



Талаптарға сай деп танылған үміткерлердің өтініштері сарапшылар комиссиясы тарапынан мұқият қаралады. Бұл кезеңде үміткерлердің ғылыми қызығушылықтары, алдыңғы жетістіктері, мансаптық мақсаттары, таңдауларының үйлесімділігі, мотивациялық хаттың мазмұны мен айқындылығы, сондай-ақ әлеуметтік іс-шараларға қатысуы сияқты түрлі критерийлер ескеріледі. Бұл кезеңнен кейін сұхбаттасу процесіне қатысуға лайықты деп танылған үміткерлердің соңғы тізімі жасалады.

3

СҰХБАТТАСУ КЕЗЕҢІ



100-ден астам елден іріктеліп, соңғы тізімге енген үміткерлерді академиктер мен сарапшылардан тұратын сұхбат комиссиялары мұқият бағалайды.

Сұхбат қалай жүргізіледі?

Іріктеуден өткен үміткерлер өз елдерінде өтетін сұхбаттарға шақырылады. Кейбір жағдайларда үміткерлермен интернет немесе телефон арқылы сұхбаттасу жүргізіледі. Сұхбаттасу комиссиясы, әдетте, кемінде бір Түркия Стипендияларының өкілі мен Түркия университеттерінен келген ғылыми қызметкерден тұрады. Жалпы ұзақтығы 15-30 минутты құрайтын сұхбат келесі форматта жүргізіледі:

- ⤴ Қарсы алу мен кіріспе
- ⤴ Құжаттарды тексеру
- ⤴ Үміткердің өтінім беру мақсатын анықтау
- ⤴ Академиялық білім мен мансаптық мақсаттары
- ⤴ Сұхбаттың аяқталуы мен үміткердің комиссияға сұрақ қоюы

4

ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІ



Сұхбат комитеттері арқылы үміткер ретінде таңдалған үміткерлердің сұхбат нәтижелері таңдау комиссиясы тарапынан бағаланып, стипендия алуға лайықты үміткерлердің тізімі жасалады.

5

ҚАБЫЛДАУ КЕЗЕҢІ



Сұхбаттасудан сәтті өтіп, стипендия алуға құқықты болған үміткерлерге Түркия Стипендиялары Ақпарат Жүйесі (TBBS) мен электрондық пошта арқылы қабылдау хаты жіберіледі, сондай-ақ стипендияны қабылдау процесі туралы толық ақпарат беріледі. Үміткерлер Түркияға келгенге дейін стипендия келісімшартын рәсімдеуі тиіс.

Жаңа студенттерге арналған нұсқаулық

Түркия Стипендиялары бойынша білім алатын студенттердің Түркияға келмес бұрын және келгеннен кейін орындауы тиіс іс-шаралар мен жалпы мәліметтерді қамтитын Жаңа Студенттер Нұсқаулығына www.turkiyeburslari.gov.tr сайтынан қол жеткізуге болады.



Қазіргі таңда білім алып жатқан студенттер

Түрік тілі дайындық курсы

Түркия Стипендиялары бағдарламасы бойынша жоғары білім алу құқығына ие болған, түрік тілін білмейтін студенттерге бір жылдық тегін түрік тілі дайындық курсы беріледі.

Түрік тілі дайындық курсы тек түрік тілінде білім беретін мамандықтар мен бағдарламалар үшін ғана емес, сонымен қатар ағылшын және басқа да шет тілдерінде білім беретін мамандықтар мен бағдарламаларға қабылданған түрік тілін білмейтін барлық студенттер үшін міндетті болып табылады. Түрік тілі дайындық курсы студенттердің университетке оқуға түскен қалаларында орналасқан Түрік тілі оқыту орталықтарында (TÖMER) өткізіледі. 8 айға созылатын және маусым айында аяқталатын түрік тілі дайындық курсы соңында студенттерден C1 деңгейіндегі түрік тілі жеткіліктілік сертификатын алу талап етіледі.

Стипендия рәсімдері

Түркия Стипендиясы бойынша студенттерге қатысты стипендия рәсімдері Шетелдегі Түріктер және Туысқан Қауымдастықтар Басқармасы (YTB) тарапынан жүргізіледі. Бұл тұрғыда студенттердің:

- ❑ ай сайынғы шәкіртақы төлемдері
- ❑ банк операциялары
- ❑ Денсаулық сақтау төлемдері
- ❑ рұқсат алу сұрану рәсімдері
- ❑ оқу жетістіктерін бақылау рәсімдері жүзеге асырылады

Мәдени және академиялық даму

Халықаралық студенттердің әлеуметтік, мәдени және академиялық дамуына қолдау көрсету мақсатында Түркия Стипендиялары бағдарламасы аясында көптеген іс-шаралар мен жобалар жүзеге асырылуда.

Халықаралық Студенттер Академиясы

Халықаралық студенттер академиясының мақсаты —Түркия Стипендиялары бағдарламасымен оқитын студенттерді, сондай-ақ елімізде жоғары білім алатын халықаралық студенттердің университеттік білімінен басқа академиялық, әлеуметтік және мәдени дағдыларын күшейту. Әртүрлі азаматтық қоғам ұйымдары мен зерттеу орталықтарымен үйлесімді түрде 17 қалада әртүрлі салалар бойынша семинарлар, мамандандырылған бағдарламалар және мәдени-өнер шеберханалары өткізілуде.

Халықаралық студенттерге арналған тәжірибе бағдарламасы

Халықаралық студенттерге арналған тәжірибе бағдарламасы Түркия Стипендиялары бағдарламасы бойынша білім алатын халықаралық студенттердің жұмыс тәжірибесін алуына көмек көрсету мақсатында әртүрлі қалаларда жаз айларында өткізіледі. 2021 жылдан бастап халықаралық студенттерге арналған тәжірибе бағдарламасы аясында студенттерге мемлекеттік және жеке секторларда тәжірибе алуға мүмкіндік беріледі, бұл олардың оқу барысында қысқа мерзімді жұмыс тәжірибесін алуын қамтамасыз етеді.




Қазіргі таңда білім алып жатқан студенттер

Халықаралық студенттерге арналған ғылым конгресі

Түркия Стипендиялары бағдарламасы аясында еліміздің университеттерінде магистратура деңгейінде білім алып жатқан халықаралық студенттердің академиялық білімдерінің дамуына қолдау көрсету және қатысушыларға ғылыми жұмыстар әзірлеу бойынша көмек көрсету мақсатында Халықаралық студенттер ғылым конгресі өткізіледі. Конгресте әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар, жаратылыстану және инженерлік ғылымдар, денсаулық ғылымдары және конгресс арнайы тақырыбы бойынша баяндамалар қабылданады.

Халықаралық студенттер жұлдесі

Түркияда жоғары білім алатын халықаралық студенттердің өздерінің дағдылары, білімі мен тәжірибелерін бөлісуін және осы контексте ұсынылған құнды шығармалар мен идеялардың қолдау табуын қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын Халықаралық студенттер сыйлығы ұйымдастырылады. Мәдениет-өнер, әдебиет, медиа, жоба секілді әртүрлі салаларда жетістікке жеткен халықаралық студенттерге алғыс пен қолдау көрсетіліп, олардың мансап дамуына көмек көрсетіледі.



ТҮЛЕКТЕР

Халықаралық Студенттердің Бітіру рәсімі

Халықаралық студенттер үшін диплом алу бағдарламасы 2012 жылдан бері Түркия Бурслары бағдарламасының құрылуынан бастап жыл сайын өткізіледі. Бұл бағдарлама Түркияда білім алу сапарын аяқтап, Түркия түлектері отбасына қосылған студенттерді біріктіретін іс-шара болып табылады.





ТҮЛЕКТЕР

Түлектер Желісі

Түркия стипендиялары ретінде біз түлектерімізбен тұрақты қарым-қатынас орнатудың маңыздылығын түсінеміз және әртүрлі іс-шаралар арқылы Түркия түлектерімен экономикалық, саяси, мәдени және академиялық байланыстарымызды жалғастыруды мақсат тұтамыз. Түркия Стипендиялары бағдарламасының 184 елде 150 мыңға жуық мүшесі бар түлектер қауымдастығы бар. Түлектер қауымдастығы мүшелерімен байланысымызды нығайту үшін 50-ден астам елде 100-ге жуық түлектер кездесулері өткізілген. Бұл тұрғыда түлектер қауымдастықтарының құрылуына бағытталған жобалар мен біздің түлектерімізге арналған басқа да ұйымдық іс-шаралар әлемнің барлық өңірлерінде қолдау табуда.

Түлектер қауымдастығы

Түркия түлектерімен тұрақты байланыс орнату мақсатында көптеген елдерде ерікті түлектер қауымдастықтары құрылды. Бұл қауымдастықтар Түркия түлектеріне Түркияда да, өзара да ұйымдастырылған байланыстарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дүние жүзі бойынша түрлі елдердегі Түлектер Қауымдастықтары арқылы бағдарлама түлектері академиялық және әлеуметтік байланыстарын сақтап, өз елдерінде Түркияның ұсынған білім беру мүмкіндіктері туралы жастарды ақпараттандыруда.



**TÜRKİYE
MEZUNLARI**

Түркия Түлектері туралы қосымша ақпарат алу үшін:

www.turkiyemezunlari.gov.tr

ӨТІНІМ БЕРУ КЕСТЕСІ

ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ СТИПЕНДИЯСЫ

Үдерістер	Уақыт кестесі
Өтінім беру кезеңі	10 Қаңтар - 20 Ақпан
Бағалау кезеңі	Наурыз - Сәуір - Мамыр
Сұхбат кезеңі	Маусым - Шілде
Нәтижелердің жариялануы	Тамыз
Кепілхат және визаға өтініш беру кезеңі	Тамыз
Студенттердің Түркияға келуі, Академиялық жылдың басталуы*	Қыркүйек

*Таңдалған үміткерлер өтініш нәтижелерін жаз айларында алатынын ескере отырып, Түркияға келмес бұрын оқу орнын бітіргенін растайтын құжаттар мен дипломдарын алу үшін өз елдерінде қажетті дайындықтарды жүргізуі қажет.

ЗЕРТТЕУ СТИПЕНДИЯЛАРЫ

Үдерістер	Уақыт кестесі
1-ші кезең өтініштері	1 Қаңтар - 31 Наурыз
1-ші кезең нәтижелерінің жариялануы	Сәуір
2-ші кезең өтініштері	1 Сәуір – 30 Маусым
2-ші кезең нәтижелерінің жариялануы	Шілде
3-ші кезең өтініштері	1 Шілде -30 Қыркүйек
3-ші кезең нәтижелерінің жариялануы	Қазан
4-ші кезең өтініштері	1 Қазан - 31 Желтоқсан
4-ші кезең нәтижелерінің жариялануы	Қаңтар

ҮЗДІК СТИПЕНДИЯЛАРЫ

Үдерістер	Уақыт кестесі
Өтінім беру кезеңі	Қазан - Қараша
Бағалау кезеңі	Қараша - Желтоқсан
Нәтижелердің жариялануы	Желтоқсан



Стипендиялық бағдарламалар мен оларға өтінім беру тәртібі туралы қосымша ақпаратты төмендегі мекен-жайдан таба аласыз:

www.turkiyeburslari.gov.tr
www.turkiyescholarships.gov.tr

Бізбен байланыс орталығы арқылы да хабарласа аласыз:
0850 455 0982

Сұрақтарыңыз үшін:
info@turkiyeburslari.gov.tr

Стипендии Турции

www.turkiyescholarships.gov.tr

